

“DÜRRÜ’L-‘ACĀYİB” ЖӘНЕ “RĀZRĀZNAAMA” НЕГІЗІНДЕ АРАБ ГРАФИКАЛЫ ШЫҒЫС МӘТІНДЕРІН ОҚУ МӘСЕЛЕСІ

Kutlugjon SULTANBEK*

Mustafa UĞURLU**

Dameli BİLALOVA***

Аңдатпа: Орталық Азия территориясында араб әрпімен жазылған түркі тіліндегі еңбектер көптеп кездеседі. Себебі түркі халықтары Қарахандықтар кезеңінен бастап ХХ ғасырдың басына дейін аталмыш графиканы қолданып келді. Осы кезеңде жазылған түркі тіліндегі шығармалардың көбі діни бағытта. Десе де тарих, медицина, астрономия және басқа да салаларда жазылған мәтіндерді кездестіруге болады. Табылып жатқан мәтіндер зерттеушілер тарапынан зерттеліп, ғылыми айналымға түсуде.

Кеңес дәуірінде араб графикалы мәтіндерді зерттеу мәселесі кенжелеп қалғандығы мәлім. Сол кезеңде жарияланған ортағасырлық мәтіндерге қарап, оқитын мамандардың да тапшы болғандығын байқауға болады. Ал тәуелсіздіктен кейін жалпы араб графикалы мәтіндерді зерттеу мәселесі түпкілікті қолға алына бастады. Маман тапшылығы да азайып, түпнұсқа мәтіндерді оқу қарқынды жүріп келе жатыр. Ендігі мәселе осы мәтіндерді дұрыс оқып, аудару, оқырманға дұрыс жеткізу сонымен қатар зерттеушіге қойылатын талаптардың орындалуы болмақ. Осы мақсатта мақалада соңғы классикалық шағатай тілінің тілдік ерекшеліктерін көрсететін “Dürrü’l-‘acāyib” және “Rāzrāznama” атты түркі тіліндегі қолжазбалары негізінде араб

Araştırma Makalesi / Kūnye: SULTANBEK, K., UĞURLU M. & DAMELİ, B. “Dürrü’l-‘acāyib” және “Rāzrāznama” Негізінде Араб Графикалы Шығыс Мәтіндерін Оқу Мәселесі”, *Türkoloji*, 121 (Mart 2025), s. 103-124.

* Dr. Al-Farabi Kazakh National University, e-mail: sultanbekovkutlug@gmail.com, ORCID: 0000-0002-7360-7140

** Prof. Dr. Muğla Sıtkı Koçman Üniversitesi, e-mail: muugurlu@mu.edu.tr, ORCID: 0000-0002-0501-0422

*** Doktora Öğrencisi, Al-Farabi Kazakh National University, e-mail: damelib7@gmail.com, ORCID: 0009-0002-7066-7217

графикалы шығыс мәтіндерінің дұрыс оқылуы мәселелері қарастырылады.

“Dürrü'l-‘acāyib” (“Ғажайыптар маржаны”) қолжазбасы – хадистер жинағынан тұрады. Жазылу тарихы белгісіз болғанымен қолжазбаның атауы алғашқы беттерде мәтін ішінде беріледі. 135 парақтан (270 бет) тұрады.

“Rāzrāznama” (“Құпия кітап”) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасының сирек қолжазбалар қорында 119 а нөмірінде сақталған. Аталмыш кітап діни мазмұнға ие, мәтінде характер қолданылмаған.

Кілт сөздер: Түркітану, Араб Графикалы Түркі мәтіндері, “Dürrü'l-‘acāyib”, “Rāzrāznama”, Қолжазба.

THE ISSUE OF READING TURKIC TEXTS IN ARABIC SCRIPT BASED ON “DÜRRÜ'L-‘ACĀYĪB” AND “RAZRAZNAMA”

Abstract: In Central Asia, a significant number of Turkic texts have been written in Arabic script. Because the Turks used the Arabic alphabet from the Karakhanid period until the beginning of the XXth century. Most of the works in the Turkic language written during this period have a religious orientation. However, one can find texts written in historical, medical, astronomical and other fields. These texts are being studied by researchers and introduced into the academic world today.

It is known that during the Soviet era, the study of texts written in Arabic script was largely neglected. A review of the works published during that period highlights the notable lack of experts capable of reading Middle Turkic texts. However, since the period of independence, the study of texts written in Arabic script has received significant attention. The shortage of specialists has been addressed, and the reading of original texts has accelerated.

Currently, issues such as the accurate reading and translation of these texts into our language, ensuring their proper transmission to readers, and meeting the expectations of researchers have become increasingly important. In this context, the article will examine the challenges of correctly reading Eastern texts in Arabic script, focusing on the Turkic manuscripts “Dürrü'l-‘Acāyib” and “Rāzrāznama”, which reveal the linguistic characteristics of late Classical Chagatai Turkish.

“Dürrü'l-‘acāyib” (“The Pearl of Wonders”) is a compilation of hadiths. The date of its transcription is unknown; the title of the manuscript is provided on the first pages of the text. It consists of 135 folios (270 pages).

“Rāzrāznama” (“The Secret Book”) is cataloged under the number 119a in the rare manuscript collection of the Al-Farabi Kazakh National University Library. It is a religious text written without diacritical marks.

Keywords: Turkology, Turkic texts in Arabicscript, “Dürrü'l-‘acāyib”, “Razraznama”, Manuscript.

Kіріспе

Түркітану ғылымы – түркі халықтарына қатысты әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жазба мұралар секілді жалпы түркілерге тән барлық құндылықтарды зерттейтін сала. Бұлардың қатарына қолжазбаларды оқу мәселесі де кіреді. Кеңес үкіметі кезеңінде кенжелеп қалған араб графикалы мәтіндердің зерттелу мәселесі бүгінгі күнде өзекті болып отыр. Бұның нәтижесінде орта ғасырдағы түркі халықтарының тарихын, дінін, тілін, медицинасын т.б. салаларын тереңірек зерттеп, бүгінгі күнде соларды жаңғырту жұмыстары мен болашақ ұрпаққа жеткізу мәселесі өзекті болып қала бермек.

Түркі халықтарының тарихына назар аударар болсақ, осы күнге дейін көптеген әліпбилерді қолданып келді. Атап айтқанда, көктүрік, ұйғыр, араб, араб жазуының негізінде жасалған төте жазу, латын, кирилл әліпбилерін көрсетуге болады. Әр кезеңде қолданылған графиканың өзіне тән ерекшелігі, қолданылу мақсаты болған. Бұл кезеңдердің ішінен Қазақстанның графика жағдайын Мехмет Куталмыш (2014) өз еңбегінде жан-жақты зерттеп, артықшылықтары мен кемшіліктерін айтып өткен. Негізінде бұл тек қазақ халқына емес басқа да түркі халықтарының тағдырында бар мәселе.

Ең алғашқы жазылған “бенгу тастар” Көктүрік кезеңіне жатады. Ең көлемді, мағыналы және атақтылары Күлтегін, Тоныкөк, Білге Қаған ескерткіштері болып, шетелдік және отандық зерттеушілер тарапынан зерттелінді, әлі де зерттеліп жатыр. Бұдан кейін түркі тілдерінің көне ұйғыр немесе соғды, Қарахандықтар, Алтын Орда, Шағатай кезеңдері жалғасын табады. Аталмыш кезеңдерге байланысты ғалымдар арасында түрлі көзқарастар бар. Кезеңдерді бөлу, оны атау мәселесі бойынша тартыстарға кірмей, араб графикалы мәтіндердің зерттелуіне назар аударар болсақ, алғаш Қарахандықтар кезеңінде жазылған “Диуани луғат ат-түрік” еңбегінің зерттелуін айта аламыз. Қазақстанда “Диуани луғат ат-түрік” кітабы алғаш рет 1914 жылы Х. Досмұхамедұлы тарапынан басылған (Четин, 2020, 411 -б). Сонымен қатар Қарахандықтар кезеңінде жазылған басқа да еңбектердің

зерттелуі жайында Ә. Керімұлы, А. Мұстафа, (2012, 31-51 -б) тарапынан жарияланған мақалаға байланысты және жалпы ортағасырлық мәтіндердің зерттелуі жайында К. Сұлтанбектің (2020, 193-204 -б) еңбектерінен мәлімет алуға болады. Аталмыш еңбектерде берілген ортағасырлық мәтіндердің көпшілігі ғылыми ортаға белгілі, ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттеліп келеді. Ал мақалаға негіз болып отырған екі қолжазба тәуелсіздік жылдарынан кейін табылып, зерттеушілерге енді ғана қолжетімді болып отыр.

“Dürrü'l-‘acāyib” – 135 беттен тұратын, хадистерді баяндайтын еңбек. Осы зерттеуге негіз болған шығарманың көшірмесі М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар бөлімінде 1306 нөмірімен тіркелген. Мәтін талик жазуымен жазылған, харекет қолданылмаған. Өлшемі 15 x 24,5 см. болып, әр бетте әдетте 14 жол бар. Алайда кейбір беттері 16 жолдан, кейбір беттері 15, 13 жолдан тұрады. Қолымыздағы шығарманың авторы/аудармашысы немесе көшірушісі туралы мәлімет беретін жолды кейіннен сиямен үсті боялғандықтан оқу мүмкін емес. “Dürrü'l-‘acāyib” 66 бөлімнен тұрады. Шығарманың соңғы бетінде жазылған немесе көшірілген күні хижри 1311 (м. 1893) деп жазылған. Осы жазбаға сәйкес және емлесі мен тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, шығарманың кейінгі классикалық шағатай тілінде жазылғаны ұғынылады. Қолжазбаның шағатай тіліндегі 3 нұсқасы және парсы тіліндегі 1 нұсқасы анықталды. Шағатай және парсы тілдеріндегі көшірмелері Алматы қаласындағы Әл-Фараби кітапханасында, тағы біреуі Татарстанда тіркелген (Сұлтанбек, 2022, 8 -б).

“Razraznama” қолжазбасы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кітапханасы сирек қолжазбалар бөлімінде 119 а нөмірімен тіркеулі; мұқабасы жоқ, ағаш қаппен қапталған, сақталу жағдайы жақсы. Мәтіні шағатай тілінде жазылған, беттің ішкі өлшемі 9 x 15 см, сыртқы өлшемі 12,6 x 20,3 см., 38 парақтан (76 бет) тұрады; әр бетте 15 жол бар. Талик жазу түрімен жазылған, харакат қолданылмаған. Еңбектің бет нөмірлері көрсетілмеген. Қолжазбаның алғашқы бетінде аты көрсетілгенімен авторы, көшірушісі, туралы мәлімет берілмеген. Басылған немесе көшірілген жері мен жылы анықталмаған. Хазіреті Мұса пайғамбардың Алламен сырласып сөйлесуі туралы проза түрінде баяндалған. Түпнұсқадағы “رازرازناما” ескерткіш атауы сөзбе-сөз “құпиянама” деп аударылады. “Rāz” сөзі парсы тілінде “құпия” деген мағынаны білдіреді. Қолжазба докторлық диссертация тақырыбы ретінде алынып, жан-жақты зерттеліп жатыр.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулары

Орта Азияда араб графикасы қабылдағаннан кейін де түрлі салаларда еңбектер жазыла бастады. Бұл еңбектерге қарайтын болсақ, әр кезеңде түрлі өзгерістерге ұшырағандығын байқаймыз. Өзгерістер түркі халықтарының өмір сүруіне, басқа халықтармен қарым-қатынасына қарай болып отырды десек қателеспейміз. Осының нәтижесінде Орталық Азияда ортағасырлық түркі тіліндегі мәтіндерді Қарахандықтар, Хорезм, Шағатай кезеңі деп қарастыра болсақ, Анадолыда Осман тілі (XIII ғ.), Мысырда мәмлүк қыпшақ кезеңі пайда болды. Мың жылдық кезеңде жазылған мәтіндердің бір-бірінен айырмашылығын, кезеңін анықтау олардың тілдік ерекшеліктері, мәтінде кездесетін тұлғалар мен тарихи оқиғалардың баяндалуымен анықталады (Эрджиласун, 2019, 95-103-б).

Араб графикалы мәтіндердің (солтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс) зерттелу, оқу, аударылу мәселелері Орталық Азияда Кеңес Одағы кезеңінде кенжелеп қалғанымен Түркия елінде жақсы дамығандығы белгілі. Түркияда Осман империясы кезеңінде қолданылған араб графикасымен жазылған мәтіндер жан-жақты зерттеліп, қарахан, хорезм, шағатай және қыпшақ кезеңіндегі мәтіндерді де зерттеуге кіріскен еді. Бұларға қарап дамығандығын айта аламыз, алайда әлі де кейбір мәселелердің дұрыс жолға қойылмағандығы ғалымдардың (Үнвер, 1993; Үнвер, 2008; Эрджиласун, 2013; Өзтектен, 2018;) жіті назарында.

Елімізде қолжазбаларды зерттеу мәселесі күн санап артып келеді. Тәуелсіздік жылдарынан бастап жазылған мақалалар, жарияланған еңбектер мен интернет желісіне зер салсақ, алғашқы жылдарда көбінесе қолжазба зерттеудің маңыздылығы (Егемен Қазақстан, 2018), маман тапшылығы (Ана тілі, 2019 <https://anatili.kazgazeta.kz/news/53382>) айтылғанымен бүгінгі күнде көптеген еңбектер түрлі деңгейлерде (докторлық диссертация, ғылыми монография, кітап) жарияланып жатыр. Десе де әлі күнге дейін араб графикалы мәтіндерді оқуға байланысты еңбектер мен мамандарға қойылатын талаптар туралы ғылыми еңбектер сирек кездеседі. Аталмыш себептердің алдын алу мақсатында алғашқы қадамдардың бірі ретінде қолжазбаларды оқуда ескеретін, зерттеушінің бойында болуы керек қабілеттерді жеке жеке беруге тырыстық.


Араб әрпімен жазылған тарихи мәтіндерді оқуда зерттеушілерге қойылатын талаптар:

1. Ең алдымен араб әріптерін дұрыс меңгерген болуы керек.

Түркі халықтарының мұсылмандықты қабылдауымен қатар графикасы да өзгеріп, қалыптаса бастады. Арабтар бұл аймаққа келмес бұрын түркі халықтары түркі-руна, көне ұйғыр сынды әліпбилерді қолданып келген еді. Кейін келе түркі халықтары бастапқы жазу жүйелерімен бірге араб графикасына көшіп, 20 ғасырдың басына дейін қолданып келді.


Араб графикасын дұрыс меңгеру қолжазбалардың тілін білуге, мәтіндердің айырмашылығын анықтауға мүмкіндік береді. Араб графикасын тек түркі халықтары ғана емес сонымен қатар араб, парсылар да қолданып келеді. Бұларды бір-бірінен ажыратудың жолы – алдымен оқи алудан басталады. Бүгінгі күнге дейін кейбір араб графикалы мәтіндерді Құран деп біліп, өз үйлерінде сақтап келе жатқандар жоқ емес. Сонымен қатар зерттеушілердің арасында араб әріптерімен жазылған мәтіндерді парсы яки арабша мәтін екен деп мән бермей келгендер, каталог жасау барысында түркі тілінде жазылғандарды араб, парсы кітаптарының арасына қосып жіберетіндерді айта кеткен жөн (Кабадайы-Шадкам, 2021, IX -б). Сондықтан араб, парсы тілдерін меңгерумен қатар, араб әрпімен жазылған ортағасырлық түркі мәтіндерін де дұрыс оқи алу өте маңызды. Ол үшін араб әріптерімен жазылған мәтіндердің ерекшелігін, түркі, араб және парсы тілдерінің айырмашылығын тереңірек білу керек.

Араб графикалы мәтіндер Қарахандықтар кезеңінен бастау алады. Қарахандықтар кезеңінде санаулы ғана еңбек жазылған немесе сақталған болса, кейін келе мәтіндердің саны арта бастайды. Түркі халықтары әр түрлі географиялық аймақта орналасқандықтан батыста Анадолы түріктері, шығыста қыпшақ, қарлұқ түріктері араб графикасын қолданды. Сол себепті ең алдымен бір қолжазбаға назар салсақ, оның кезеңін, қай жерде жазылғандығына қарай оқу шарты пайда болады. Сонымен қатар араб графикасымен тек қана түркі мәтіндері емес, Түркістан жұртында араб парсы тіліндегі еңбектер де жазылғаны мәлім. Сәйкесінше бұларды ажырата алу үшін араб графикасын дұрыс меңгеру керек болады. Мысал ретінде Осман мемлекеті кезеңінде жазылған “Yādgar-ı İbn Şerīf” қолжазбасынан, сонымен қатар солтүстік-шығыста жазылған “Dürri’l-‘acāyib”, “Razraznama” еңбектерінен үзінді берер болсақ:




“Yādgār-ı ibn Şerīf” (5a/3-4)

[5a] (3) [...bu kitāb hîç bir tabībe muhtāc olmaya saġlığı saqlamaqda (4) ve şayruġığı gidermekde gereklü ola ve bu kitābı beş baġş eyledim...]. **Аудармасы:** (...бұл кітапты оқысаңыз ешбір емшіге мұқтаж болмайсыз, денсаулықты сақтауда және ауруды емдеуде керекті болады және бұл кітапты беске бөлдім...). Берілген мәтіннің кейбір тілдік ерекшелігіне қарай (мысалы: *ol-*) оғыз тобына жататынын біліп сәйкесінше дыбыстарды ұяң түрде оқуымыз керек. *Гереклү* немесе *кереклү* түрінде жазылған сөзге қарасақ кефпен (ك) жазылған. Бұл таңбаны /к/ немесе /г/ түрінде оқуға болады. Алдымен мәтіннің тілдік ерекшеліктеріне қарай кезеңін анықтап алып, кейін сол бойынша дыбыстаған абзал. Бұл туралы белгілі түркітанушы, ғалым А.Б. Эрджиласун өз (2019, 95-102 - б) еңбегінде тілге тиек етеді.



“Dürrü'l-‘acāyib” [18b/1-3]

[18b] [...resül ‘aleyhi’s-selām aydılar bir kişi bir cāyda (2) oltu[r]sa andın soñ bu du ‘ānı oqusa ol bendeni güyā ki ol mecliside ‘amel-i şā- (3) -liñ qılğan bolsa o ‘amel-i şāliħga mihri bolğay tā qıyāmetğaça...]. **Аудармасы:** (... пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деді: бір кісі бір жерде отырып, мына дұғаны оқыса, ол пендеге отырған жерде салих амал жасаған болса, салих амалға жақын болсын сонау қияметке дейін...).



“Razraznama” [1b/1-3]

[1b] بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ (1) rāzrāz-nāma ḥazret-i mūsā ‘aleyhi’s-selām ḥaber andağ kiltürüp turur (2) kim haq subḥāna ve te‘ālādın nidā kiler kim ey mūsā seniñ birle tūr tağında (3) sözleşür-men dip nidā kiler ḥazret-i muḥammed muṣtafā ṣallallāḥū ‘aleyhi...]. **Аудармасы:** (“Разразнама” қолжазбасында Хазреті Мұса (алейһиссалам) былай деп хабарлайды: Хақ Субхана уа Тағаладан “Әй, Мұса, мен сенімен Тұр тауында сөйлесемін” деген уаһи түседі. Хазреті Мұхаммед Мұстафа саллаллаһу алейһи уа сәллам...).


2. Түркі халықтарының тарихи кезеңдерін білуге тиіс. Араб әріптерімен жазылған мәтіндер Қарахандықтар кезеңінен (X ғасыр) бастау алып, төте жазумен (XX ғасырдың басы) аяқталады. Мың жыл уақыт аралығында тіл кейбір фонетикалық, морфологиялық және басқа да ерекшеліктерге ұшырағаны мәлім. Көне түркі (Габаин, 1988), көне ұйғыр тілдерінің (Эраслан, 2012), сонымен қатар Қарахандықтар кезеңінен бастап, Хорезм, қыпшақ, шағатай (Экман, 2014; Аргуншах-Сагол Йүксеккая, 2015) Османлы кезеңі грамматикасын (Девели, 2019) терең меңгеру қолжазбалардың дұрыс оқылып, аударылуына тікелей септігін тигізеді.

Тарихи кезеңдердегі дыбыстың өзгеруіне бір мысал келтірер болсақ, “Диуани луғат ат-түрк” кітабында “sewse” (сүйсе) (Кахире-576) (Дурукоглу, 2020: 20) сөзі қазақ тілінде сүй-, түрік тілінде sev-, өзбек тілінде sev- түрінде кездеседі. Көне түркі тілінде сүй- етістігі Білге қаған мәтіні шығыс жағында seb- “sebinir” (Ергин, 2015, 167 -б) түрінде кездессе, Қарахандықтар кезеңінен бастап /b/ дыбысының /w/


дыбысына, хорезм, шағатай кезеңдерінде /v/ дыбысына ауысқанын көруге болады. Ал басқа да тілдің даму, қалыптасу ерекшеліктері түрлі кезеңдерде жазылған мәтіндерді оқығанда ғана ортаға шығатыны белгілі.

3. Мәтінді асықпай, контекстке қарай оқу керек.

Қолжазбаны дұрыс оқудағы ең негізгі мәселе – мағынасына қарай оқу. Егер бір сөйлемде сөздің мағынасы дұрыс шықпай жатса, жазушы немесе көшірушіден кеткен қателік болуы немесе аудармашының дұрыс оқымау ықтималы бар деген сөз. Сол себепті бір мәтінді алғаш рет оқыған кезде оның басынан соңына дейін көз жүгіртіп оқу; ал кейінгі кезекте міндетті түрде мағынасына қарай оқу маңызды. Олай жасалмаған жағдайда түпнұсқа мәтінді оқу барысында кейбір қателіктер туындап жатады. Мысалы, ұлы қолбасшы Әмір Темір туралы жазылған қолжазба мәтіннің [3b] 14-15-жолдарында “*Şehr-i Sazāni mahkūmunda ěrdi*” (Шахин, 2017: 249 -б) немесе “*Şehr-i Sābzani mahkūmunda ěrdi*” деп екі түрлі оқу мүмкін.



Жазылуына қараған кезде /б/ әрпінің түспей қалғандығы байқалады. Сол себепті де *Sazāni* жазылған екен деген тұжырымға келу ықтималы бар. Ал зерттеуші *Шәһрісәбіз* деген жер атауын білмесе, Әмір Темірдің туған жеріне қатыстылығына көзі жетпесе, онда осындай қателікке (Сазани деп оқуға) баруы мүмкін. **Аудармасы:** (...Шәһрісәбз оның үкімінде (қол астында) еді...). Осындай қателіктерге жол бермеу үшін мағынасына қарай оқумен қатар қолжазбаның жазылған жерін, ішіндегі кездесетін тұлғалар туралы қосымша мәліметтерді міндетті түрде оқып отыру керек. Қолжазбаның жазылған жеріне қарай оқылуы да маңызды. Солтүстік-шығыс түріктеріне тиесілі бір мәтін болса, *бол-* етістігі мынадай (بول), ал оңтүстік-батыста жазылған болса (اول) түрінде жазылатын еді (Шахин, 2017, 249 -б).



Қолжазбаның 4 а / 5-жолында *болды* жазылған сөзді *олды* деп оқу әбден мүмкін. Себебі бір қарағанда солай көрінеді. Ал түптеп келгенде /б/ әрпінің нүктесі біраз астына түсіп кеткен.

4. Транскрипция белгілерін дұрыс қолдану керек.

“Транскрипция (лат. *Transcriptio* – қайта көшіріп жазу) – белгілі бір тілдегі дыбыстарды дәл бейнелеп көрсету үшін пайдаланылатын шартты белгі. Жазуда бір фонема түрлі әріптермен таңбалануы мүмкін, ал транскрипцияда ол бір таңбамен белгіленеді. Транскрипцияның негізгі қызметі сөздің дыбыстық немесе фонемалық құрамын дәлме-дәл көрсету, онда сөздің дыбыстық жағына ғана назар аударылады” (Аяған, 2006, 487 -б).

Ортағасырлық мәтіндерді транскрипциялау мәселесі біізді болмай отырғандығы бар. Соның нәтижесінде зерттеушілер түрлі транскрипция белгілерін қолданып келеді. Елімізде араб графикалы мәтіндерді транскрипциялау мәселесі бойынша Қ. Қыдырбаев (2019, 222 -б) “қазақ тілінің лексикалық қорын толықтырып отырған араб онимдерінің қазақ тіліндегі транскрипциясы мен транслитерациялануын бііздендіру жұмыстарына ереже түзіп, бір жүйеге келтіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі екені даусыз” – дейді. Сонымен қатар араб әріптерімен жазылған мәтіндерді оқуда қолданылған транскрипцияның біізді еместігін көрсететін мақалалар, еңбектер жарияланып келеді (Эрджиласун, 2019, 95-103 -б; Сұлтанбек-Шадкам, 2021, 162-169 -б; Қыдырбаев, 2022, 186-195 -б; Сұлтанбек және басқалар, 2023, 99-118 -б; Мамырбек-Сейітбекова, 2023, 55-65 -б).

Араб әріптерімен жазылған мәтіндерді алдымен транскрипциялап, одан кейін аудару керек. Жарияланған ғылыми еңбектерге қарасақ, транскрипциялау кезінде біізділіктің жоқ екендігін айтуға болады. Кейбір еңбектер латын әліпбиі, кейбірі кирилл әліпбиі, тағы бірі латын-кирилл әліпбиінің негізінде жасалған. Бұл түрлі транскрипция әліпбилерін жойып, орнына тез арада барлық мәтіндер үшін транскрипция таңбалары қабылдануы керек. Осы орайда А. Байтұрсыновтың жақсы әліпбидің ерекшеліктеріне берген анықтамасында былай дейді:

“Жақсы әліпби тілге шақ болу керек; жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс, әліпбидің әріп суреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып, уақытты көп алады; әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс; жақсы әліпби үйренуге де қолайлы болуы тиіс. Жақсы әліпбиге лайық

бұл төрт сипатқа келмейтін әліпбидің бәрі де кемшілікті әліпби болмақ” (Малдыбай, 2011, 322 -б).

Бұдан 110 жыл бұрын айтып өткен Ахмет Байтұрсыновтың бұл пікірі өте маңызды. Осы айтылған сипаттарға мән бере отырып, мемлекет тарапынан қабылдауды күтпей-ақ түрколог ғалымдар бір транскрипция әліпбиін құрастырып, қолданған кезде бірізділікке түседі; жарияланған еңбектерді оқу онайға түспек. Олай болмаса, әрбір ғалым өзінің транскрипциясын қолданып, бірізділік болмай, оқырман да шатасып, түсінбей қалады.

Араб деректерінің, араб әріптерімен жазылған түркі тілді еңбектердің қазақ тарихына қатысты мәліметтер беруде зор үлесі бар. Бірақ аталмыш мәтіндердің зерттелу жайы кенже қалып бара жатқанына қатысты Қалдыбай Қыдырбаев:


“Әр түрлі мемлекеттік бағдарламалар бойынша араб елдеріндегі кітапханалар мен бай қолжазба қорларынан Қазақ Елінің тарихына қатысты қолжазба түріндегі бағалы кітаптар мен құжаттар әкелініп жатқаны белгілі. Алайда сол жәдігерлердің мәтіндері, олардың атаулары, авторларының аты-жөндерін қазақ тіліне транскрипциялау мен транслитерациялау жайы қолға алынбай, кенже қалып жатқаны байқалады. Бұл жайды кейбір қолжазбалардың транскрипциясына, ҚР Ұлттық кітапханасындағы сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөліміндегі араб тіліндегі кітаптардың каталогына, ҚР Білім және Ғылым Министрлігі Ғылым комитеті “Ғылым Ордасы” РМК Ғылыми кітапханасындағы араб тіліндегі кітаптардың каталогына, ҚР Мемлекеттік орталық музейі қорындағы араб тіліндегі сирек кездесетін қолжазбалар мен басылымдардың жүйеленген ғылыми каталогына зерттеу жүргізгенімізде байқадық” – дейді (2019: 215 -б).

5. Араб, парсы тілдерін білу. Түркі халықтарының сөздік қорында оның ішінде қазақ тілінде араб, парсы сөздерін жиі кездестіруге болады. Тарихи кезеңдерден бері бұл халықтармен араласып, көптеген діни және басқа да терминдерді алып қолданып келеміз. Араб, парсы тілдерінің әсерін Қарахандықтар кезеңінде жазылған (Диуани-луғат ат-түрік, Ақиқат сыйы, Диуани-хикмет т.б.) еңбектерден көруге болады. Осы және басқа да мәтіндердегі араб, парсы тілдеріне тән сөздерді оқи алу үшін бұл тілді грамматикалық дәрежеде болса да білу керек. Білмеген жағдайда көптеген қателіктердің орын алу ықтималы бар. Мысалы: “Ларзан (larzan-لرزان) от, сәуле, өрт мағынасында берілген бұл сөз (94а-3) негізінде парсы тіліндегі لرزانтіркену етістігінен жасалған есімше (lerzân-لرزان)

тітреген мағынасында қолданылып тұр” (Шадкам, 2019: 69 -б). Араб, парсы немесе басқа тілден кірген сөздердің дұрыс оқылмауы мәтіннің түпкілікті мағынасының өзгеруіне алып келеді. [... Губернатор хазретіміз әмір еткен еркен гүл қазақтың иерін гүл түркменде болса, қайтартсұн деб...] (Мамырбекова, 2012, 130 -б). Сөйлемдегі *гүл* сөзі араб әріптерімен *كل* болып жазылған. Бұл сөзді *гүл*, *күл*, *күллі* т.б. түрінде оқуға болады. Бұлардың ішінен контекстке қарай ең жақын мағынасы таңдалуы керек. Айтылған мәселені назарға алар болсақ, бұл сөйлемдегі мағынасына қарай *күллі* сөзі сәйкес келіп тұр (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011, 472 -б).

6. Қолжазбадағы тыныс белгілер мен харекелердің қолданылуын білу керек. Ортағасырлық араб графикалы мәтіндердің жазылуында көбінесе хареке қолданылмаған. Алайда Алтын Орда кезеңіндегі жазылға Нәһжүл – ферадис сынды кейбір қолжазбалардың толықтай харекеленгендігін көруге болады. Мәтінде толықтай хареке қолданылмағанымен кейде сөздерді қате оқымас үшін бірен-саран харекелер мен тыныс белгілердің қолданылуы қалыпты жағдай. Мәтіннің жазылу кезеңінде сөзді немесе сөйлемді қате жазып қойған жағдайда тек қана үстін сызу арқылы көрсетілгенін мына жолдардан байқауға болады:

“Razraznāma” қолжазбасының 2b/10-12 жолының сол жағында көрсетілген сөйлем 12-жолдағы *tapmağaylar* сөзінің қасына келуі керек.



[... (10) qazanidik qaynağay ey mūsā qiyāmet küni içerge [suv] bolmağay ve (11) dem aluğa sāye bolmağay ol bendeler el-‘ateş dip ādam dermānda (12) bolup suv tapmağaylar ḥayrān bolup ve sergerdān qalğaylar amṡa...] (...қазандай қайнағай. Әй, Мұса! Қиямет күнінде ішуге [су] таба алмайсың, дем алуға көлеңке болмайды. Ол пенделер “от” деп, ештеңеге әлі келмей, су таба алмайды. Аң-таң болып қалады...) 12-жолда *tapmağaylar* сөзінен кейін тұрған белгі қасында жазылған

сөздердің орналысу керектігін білдіреді: [ḥasret ve nedāmet ve ğam ğuşṣa birle]

7. Мәтінді түзету жұмыстары. Қолжазбаларды оқу кезінде автордан, көшірушіден немесе зерттеушіден кеткен қателіктер кездеседі. Бұларды анықтаудың ең негізгі белгісі мәтіннің аудармасын оқығанда мағынасының шықпауы. Яғни қолжазбаны оқу бір бөлек, оны аударып түсіну бір бөлек. Мәтінді оқыған кезде мағына шықпаса, онда аталмыш қателіктердің біреуінің орын алғаны сөзсіз. Осыған дәлел ретінде “Dürrü'l-‘acāyib” қолжазбасынан мысал бере кетсек, алдымен 2b/3 *ḥasret ve nedāmet* сөзінің жазылуында қателіктің бар екендігі байқалады. Түпнұсқасында (حسرات او ندمت) түрінде жазылған. *ḥasret ve nedāmet* сөзінің арасындағы *уә* жалғаулығының жазылуында *уә* әрпінен кейін әліп келуі тиіс болатын, бұл жерде керісінше. Бұл әріптік қате. Мәтіннің 9b/10-жолында [...ba‘d-ez-ān ḥaḥret-i ‘īsā ‘aleyhi’s-selām bar ol sāyga bardılar...] сөйлеміндегі *ḥaḥret-i ‘īsā ‘aleyhi’s-selām* сөзінен кейін *бар* сөзі жазылып кеткен. Бұл мағына жағынан сәйкес келмей тұр. Мәтіннің транскрипциясын жасау барысында бұл сөзге анықтама берілген жөн. Кейде жазушы немесе көшіруші өз қателігін көрген кезде қолжазбаларда үстінен сызылған сөзді көруге болады. Бұндай жағдайда жақшаға алып немесе ерекше бір белгімен белгілеген абзал.

8. Қолжазбаларды түсіну, қазақ тіліне аудару мәселесі. Түркі тілдерінің алғашқы жазба мұралары көне түркі тілінен бастау алады. Кейін келе түрлі кезеңдерді бастан кешірдік. Бұл уақыт аралығында адамдардың тұрмыс тіршілігі, діні, тарихы және басқа да жақтары өзгеріп отырды және жалғасады да. Сонымен қатар тілі де өзгеріске ұшыраған. Көне түркі тілінен бастап, ортағасырлық кезеңдерде жазылған мәтіндерді қазақ тіліне аудару барысында бұл өзгерістерді ескере отырып, дұрыс аударма жасау керек. Тілдегі өзгерістер синхронды және диахронды болып келеді. Басқаша айтқанда, тіл, бір жағынан, сөйлейтін аймақта, екінші жағынан уақыт өте келе өзгереді. Көбінесе кезеңдер арасында байқалатын өзгерістер тарихи мәтіндерді аударуда маңызды рөл ойнайды. Аударма кезінде осы өзгерістер негізге алынбаған жағдайда көптеген қателіктер орын алып жатады. Ортағасырлық мәтіндер дұрыс аударылған жағдайда “негізгі мәтін” мен “аударма мәтін” “баламалы” болады деп күтіледі (Уғурлу, 2017, 308 -б). Түркі тілдері көне заманнан бері түрлі тілдік және тілдік емес себептерге байланысты өзгерістерге ұшыраған және әлі де жалғасып жатыр. Сондықтан түркі тілдері арасында және бір тілдің кезеңдері ішінде синхронды және диахронды аудармалар жасау түрлі жақтан маңызды әрі қажетті, әрі қиын. Түркі тілдерінің түрлі кезеңдерінде

жазылған мәтіндерді дұрыс аударудың ерекшеліктері жайлы Мұстафа Уғурлуның еңбектерінен мол мәлімет алуға болады (Денизер, 2007; Уғурлу, 2007; Уғурлу, 2017). Сонымен қатар араб графикалы мәтіндерді дұрыс оқып, аудару мәселесінде Тулум (2000) сөздердің дұрыс оқылуы, мәтіндегі мағынаның дұрыс шығуының маңыздылығына аса назар аудару керектігін айтып өтеді.

Қорытынды

Қазақстанда араб графикалы мәтіндердің зерттелуі, аударылуы, ғылыми айналымға түсуі күн санап артып келеді. Жазба мұраларымыздың жан-жақты зерттелуі әлбетте қуантарлық жағдай. Бұл арқылы еліміздің, түркілердің тарихын, дінін, медицинасын т.б. терең түсініп, жазба әдебиетіміздің қалыптасуында ортағасырлық мәтіндердің әсерінің қаншалықты екендігін және бұларды келешек ұрпаққа жеткізудің маңыздылығы арта түседі.

Араб графикалы мәтіндер тек түркітанушылар тарапынан ғана емес шығыстанушылар, тарихшылар және т.б. ғалымдар тарапынан зерттеліп келеді. Сонымен қатар әуесқой зерттеушілер де ортағасырлық мәтіндерді оқуда өз үлесін қосуда. Алайда бұлардың жарияланымдарын сыни көзбен оқыған абзал. Себебі мәтін оқуда, аударуда көптеген қателіктердің орын алып жатқаны байқалады. Осы орын алып жатқан қателіктердің алдын алу мақсатында араб графикалы мәтіндерді оқуда зерттеушіге қойылатын талаптар, мәтінді оқу немесе аудару кезінде назар аударатын тұстардың кейбір мәселелері зерттеу жұмысымызға негіз болып отыр. Бұл мәтіндерді ғылыми айналымға түсіретін зерттеушілер:

- араб графикасын жоғары деңгейде білуі;
- түркі тілдерінің тілдік ерекшеліктерін кезең кезеңімен терең оқуы;
- араб парсы тілдерінің ең болмағанда бастапқы деңгейін меңгергендігі;
- қолжазбалардағы таңбалардың қойылу себебін білуі;
- транскрипция әріптерін дұрыс пайдалануы;
- мәтіннің дұрыс оқылып, аударылуында ең алдымен контекстке қарай оқуы; мағынасының дұрыс шығуына назар аударуы;
- мәтіннің жазушысы/көшірушісі немесе аудармашысынан кеткен қателікті ажырата алуы керек.

- Ортағасырлық мәтіндерді қазақ тіліне аударатын кезде сөздердің өз кезеңінде қолданған мағыналарын назарда ұстап аударуы маңызды. Аталмыш талаптарға сай келетін мамандар араб графикалы мәтіндерді оқып, аударатын болса, ортағасырда жазылған мәтіндерді аудару ісінде қателіктердің азаятындығы сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

Аргуншах, М., & Йүксеккайа, С. (2015). *Қараханлыша, Харезмше Қытшақша Дәрістері*. Ыстанбул: Кесит.

Габайн, В. (1988). *Ескі Түркі Тілі Грамматикасы*. (Ауд.: Мехмет Акалын). Анкара: Түрік тілі ұйымы.

Девели, Х. (2019). *Османлы Түрік Тілі Нұсқаулығы I*. Ыстанбул: Кесит.

Денизер, Ф. (2007). *Тарихи Мәтіндерді Аудару Мәселелері: Деде Қорқыт Оғызнамалары Мен Түркия Түрік Тілінде Жасалған Аудармаларға Сөздік Деңгейінде Талдау*. (Жарияланбаған магистрлік диссертация). Мұғла Сытқы Кочман университеті / Әлеуметтік ғылымдар институты, Мұғла.

Дурукоғлу, Г. (2022). *Дивану Лұгати ат-түрік бойынша 11-ғасыр түрік тілі грамматикасы*, (Жарияланбаған докторлық диссертация). Фырат университеті / Әлеуметтік ғылымдар институты, Элағыз.

Ислам қолжазбалары зерттелуі тиіс. (2018). *Егемен Қазақстан*.

Кабадайы, О., & Шадкам, З. (2021). *Қазақстан (Алматы) Ұлттық Кітапханасындағы Араб Әріптерімен Жазылған Түркі Тіліндегі Сирек Шығармалар Каталогы*. Алматы: Қожа Ахмет Ясауи университеті Евразия зерттеу институты.

Керімұлы, Ә., & Мұстафа, А. (2012). *Құтадғу Білік Жәдігерінің Зерттелуі Мен Тілі Туралы Қысқаша Мәліметтер*. Түркология, (4), 31-51.

Куталмыш, М. (2004). *Тарихта Және Бүгінгі Таңда Қазақстанның Әліпби Мәселесі*. *Билиг*, (31), 1-21.

Қолжазба оқитын маман тапшы (2019). *Ана тілі*.

Қыдырбаев, Қ. (2019). *Араб графикасындағы тарихи қолжазбаларды транскрипциялау және транслитерациялау мәселелері*. Шадкам, З. (ред.), “Далалық медицина: деректері, тарихы, қолданылуы, ұғымдары мен терминдері” халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы. (186-195 бб.). Алматы: Qalam Baspa Ortalygy.

Малдыбай, А.Д. (2011). *Ахмет Байтұрсыновтың Әліпби Реформасы*. ҚазҰУ хабаршысы, (4), 322-325.

Мамырбекова, Г.М. (2012). *Ескі Қазақ Тілінің Жазба Нұсқалары*. Алматы: Шапағат-Нұр.

Мамырбек Г.М., & Сейітбекова А.А. (2023) «Хұсрау уа Шырын» мәтінін Транскрипциялау Мәселесі. *Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы*, (4), 55-65.

Өзтектен, Ө. (2018). *Түркия түркологиясында транскрипция // транслитерация мәселесі*. Ішінде Н. Мұрадов & И. Өзкая (Құраст.), Түркия мен Түрік әлемі арасында бір көпір Явуз Ақпынар Армағаны. (б. 600-614). Анкара: Бенгү.

Сұлтанбек, К. (2020). Қазақстанда тарихи мәтіндер бойынша жасалған зерттеулер. Ішінде Т. Кочаоғлу (ред.), *Түрік сөзі мен мәдени мұраларының ізімен*. (193-204 бб.), Стамбул: Құтлу.

Сұлтанбек, К.Б., & Шадкам, З. (2021). Араб әріптерімен жазылған мәтіндерді транскрипциялау мәселесі. *Абай ат. ҚазҰПУ хабаршысы*, (1), 162-169.

Сұлтанбек, К. (2022). *Дүүррү’л-‘аджаиб (тіл ерекшеліктері - мәтін - индекс)*. Жарияланбаған докторлық диссертация. Мұғла Сытқы Кочман университеті / Әлеуметтік ғылымдар институты, Мұғла.

Сұлтанбек, К., & Шадкам, З., & Кайранбаева Н. (2023). Орталық Азиядағы тарихи түркі мәтіндер зерттеулерінде транскрипция мәселесі. *Түрік мәдениеті және Хаджи Бекташ Вели зерттеу журналы*, (108), 99-118.

Транскрипция (2006). *Ұлттық энциклопедия* (8-том, 487 б.). Алматы: Қазақ энциклопедиясы.

Тулум, М. (2000). *Тарихи Мәтіндер Зерттеуінде Усул Менакыбу’л-Кудсия Еңбегі Негізінде*. Ыстанбул: Дениз кітап үйі.

Уғурлу, М. (2011). *Диалекттер арасындағы аудармада тұзақ сөздер*. З. Дилек және т.б. (Құраст.), 38. ICANAS. Халықаралық Азия

және Солтүстік Африка зерттеулері конгресі баяндамалар жинағы. (10-15.09.2007). (б. 1877-1890). Анкара: Ататүрік мәдениет, тіл және тарих жоғары мекемесі.

Уғурлу, М. (2017). *Түркілік ғылымның жаңа бір мәселесі: Диалект ішіндегі аударма*. А. Акар (Құраст.), Проф. Др. Нури Йүдже Армағаны. (б. 304-318). Мұғла: Гүнже.

Үнвер, І. (1993). Транскрипцияда жазу бірлігі туралы ұсыныстар, *Түркология Журналы*, (1), 51-89.

Үнвер, І. (2008). Араб әріптерімен жазылған мәтіндердің аударылуында кездесетін қателіктер, *Түркология Зерттеулері*, (3), 47-58.

Четин, Х. (2020). Қазақстанда Қашқари Махмуд пен “Дивану Лұғати ат-Түрк” шығармасы бойынша жүргізілген зерттеулер, *Фольклор / Әдебиет*, 26 (102), 409-424.

Шадкам, З. (2019). Қараханлы кезеңінде жазылған алғашқы түркі тіліндегі исламдық шығармаларда парсы сөздерінің қолданылу ерекшеліктері, *Жаңа Түркия журналы*, (105), 66-74.

Шахин, С. (2017). *Қисса-и Темірнама (Зерттеу – Мәтін – Индекс – Түпнұсқа басылым)*, Конья: Палет.

Экманн, Ж. (2014). *Харезм, қыпшақ және шағатай түрік тілдері бойынша зерттеулер*. (Баспаға әзірлеген: Осман Фикри Серткая). Анкара: Түрік тілі ұйымы.

Эраслан, К. (2012). *Ескі ұйғыр түрік тілі грамматикасы*. Анкара: Түрік тілі ұйымы.

Эргин, М. (2015). *Орхон жазба ескерткіштері*. Ыстанбул: Боғазичи.

Эрджиласун, А.Б. (2013). Тарихи мәтіндердің транскрипциясы туралы. Х. Ширин Усер & Бүлент Гүл (Құраст.), *Ялым Кайа битігі*. Осман Фикри Серткая Армағаны. (б. 235-244). Анкара: Түрік мәдениетін зерттеу институты.

Эрджиласун, А.Б. (2019). *Араб әріптерімен жазылған түрікше тарихи мәтіндер қалай оқылуы керек?* С. Вакур, О. Кабадайы, & Ө. Қанай (Құраст.), Халықаралық түрікше тарихи мәтіндер зерттеулері симпозиумы (Мәтіндерді басып шығару, каталогтау, цифрландыру) баяндамалары. (б. 347-356). Алматы: Қожа Ахмет Ясауи университеті Евразия зерттеу институты.

“DÜRRÜ’L-‘ACĀYĪB” VE “RAZRAZNAMA” ESASINDA ARAP HARFLİ TÜRKÇE METİNLERİ OKUMA MESELESİ

Öz: Orta Asya topraklarında Arap harfli Türkçe metinler oldukça fazladır. Çünkü Türkler, Arap alfabesini Karahanlı Döneminden itibaren XX. yüzyılın ilk çeyreğinin sonlarına kadar kullanmıştır. Bu alfabeyle yazılmış Türkçe eserlerin çoğunluğu dinî olarak bilinir. Ancak tarih, tıp, astronomi ve diğer bilim dallarına ilişkin metinler de bulunmaktadır. Günümüzde bu metinler araştırmacılar tarafından incelenerek bilim dünyasına kazandırılmaktadır.

Sovyetler Döneminde Arap harfli metinlerin araştırılması meselesinin arka planda olduğu bilinmektedir. O dönemde yayımlanan çalışmalara bakarak Orta Türkçe metinlerini okuyabilecek uzmanların da yetersiz olduğu dikkat çekmiştir. Ancak bağımsızlık döneminden itibaren genel olarak Arap harfli metinlerin araştırılması konusu ciddiyetle ele alınmaya başlanmıştır. Uzman eksikliği giderilmiş ve orijinal metinlerin okunması hız kazanmıştır. Şimdi ise bu metinlerin doğru okunması ve dilimize kazandırılması, okuyucuya doğru aktarılması ve araştırmacıya yönelik beklentilerin karşılanması gibi konular önem kazanmaktadır. Bu amaçla makalede, son klasik Çağatay Türkçesinin dil özelliklerini ortaya koyan “Dürrü’l-‘acāyib” ve “Rāzrāznama” Türkçe el yazmaları temelinde Arap harfli Kuzey-Doğu metinlerinin doğru okunması sorunları ele alınacaktır.

“Dürrü’l-‘acāyib” (Acayibler İncisi), hadislerden oluşan bir derlemedir. İstinsah tarihi bilinmemektedir; el yazmasının adı metnin ilk sayfalarında belirtilmiştir. 135 yapraktan (270 sayfa) oluşmaktadır.

“Rāzrāznama” (“Sır Kitabı”), Al-Farabi Kazak Millî Üniversitesi Kütüphanesi’nin nadir el yazmaları koleksiyonunda 119 a numarasıyla kayıtlıdır; dinî içerikli olup hareke kullanılmadan yazılmıştır.

Anahtar Kelimeler: Türkoloji, Arap Harfli Türkçe metinler, “Dürrü’l-‘acāyib”, “Rāzrāznama”, El yazma.

ПРОБЛЕМА ЧТЕНИЯ АРАБО-ГРАФИЧЕСКИХ ВОСТОЧНЫХ ТЕКСТОВ НА ОСНОВЕ “DÜRRÜ’L-‘ACĀYĪB” И “RAZRAZNAMA”

Аннотация: В Средней Азии сохранилось значительное количество произведений на тюркском языке, написанных с использованием арабской графики. Это обусловлено тем, что тюркские народы применяли арабскую письменность с периода Караханидов вплоть до начала XX века. Большинство произведений данного периода носит религиозный характер, однако также встречаются тексты, посвященные историческим, медицинским, астрономическим и другим тематикам. Обнаруженные тексты исследуются специалистами и постепенно вводятся в научный оборот.

В советский период изучение текстов на арабской графике не получило должного внимания, что объясняется дефицитом специалистов, способных корректно читать и интерпретировать подобные тексты. Это обстоятельство сказывалось на качестве публикаций средневековых рукописей того времени. После обретения независимости началась активная работа по изучению текстов, написанных арабской графикой. Постепенное увеличение числа квалифицированных специалистов позволило повысить качество чтения и перевода оригинальных текстов. Важной задачей на современном этапе является обеспечение точности перевода и интерпретации данных текстов, а также соответствие методологии исследования современным научным требованиям. Данная статья посвящена анализу проблем точного чтения восточных текстов, выполненных арабской графикой, на примере тюркских рукописей “Dürrü'l-‘acāyib” и “Rāzrāznama”, которые демонстрируют языковые особенности позднеклассического чагатайского языка.

Рукопись “Dürrü'l-‘acāyib” (“Жемчужина чудес”) представляет собой сборник хадисов. Хотя точная дата написания неизвестна, название рукописи указано на первых страницах текста. Произведение состоит из 135 листов (270 страниц).

Рукопись “Rāzrāznama” (“Секретная книга”) хранится в редком фонде рукописей библиотеки КазНУ имени аль-Фараби под номером 119 а. Текст рукописи имеет религиозное содержание и написан без использования огласовок (хареката).

Ключевые слова: Тюркология, Арабо-графические Тюркские тексты, “Dürrü'l-‘acāyib”, “Rāzrāznama”, Рукопись.

Extended Summary

The Arabic alphabet, which the Turks began using after adopting Islam, has been widely employed across Central Asia for a thousand years. Works produced during the Karakhanid period and continuing through the Khwarezmian and Chagatai periods were written in the Arabic script. In recent years, the study of these works from various perspectives has gained significant academic attention, leading scholars to prioritize the publication of manuscripts. Additionally, it has been observed that even amateurs and enthusiasts have attempted to read Turkic texts written in Arabic script. Naturally, this has resulted in various challenges in text reading and interpretation. For this reason, our study focuses on the issue of reading Turkic texts in the Arabic script, based on two selected texts.

The study provides information on what a researcher should do first when beginning to read Turkic texts in the Arabic script and what essential skills they should possess. Furthermore, the importance of context – one of the most critical aspects of textual interpretation – is emphasized. Through concrete examples, the study demonstrates how ignoring contextual clues can lead to significant misreadings and misinterpretations of a text.

One of the primary sources examined in this study is the text “Dürri’l-‘acāyib”, which was previously analyzed in a doctoral dissertation. Information on its different copies is provided here, with the Almaty manuscript being the primary version considered for the article.

The second manuscript, “Rāzrāznama”, is housed in the Al-Farabi Library. Preliminary research suggests that this text has not been studied before; therefore, it is currently being examined as part of a doctoral dissertation. As part of the dissertation, the text will be transcribed, its linguistic features analyzed, and a glossary will be compiled, thereby introducing this Chagatai text to the academic world.

The study outlines the knowledge and skills required for researchers engaging in text reading and interpretation. It discusses the challenges faced in the reading process and presents eight essential criteria that researchers should meet. Of course, these do not represent an exhaustive list of text-reading issues, nor do they immediately eliminate reading errors. However, they are expected to help minimize reading and transliteration mistakes.

The issue of transcription remains unresolved in the reading of Turkic texts in the Arabic script. Historians follow their own transcription guidelines, while Turcologists use distinct systems, and even scholars working at different institutions employ entirely different transcription conventions. As a result, not only general readers but even experts struggle to read published texts. While textual studies have increased, published works still contain a high number of reading and transliteration errors. This, in turn, hinders efforts to reconstruct the linguistic, historical, and other contextual aspects of Middle Turkic texts.

Our study includes examples from two Chagatai texts and one Ottoman Turkish text, helping to distinguish between different periods of Turkic texts written in Arabic script. Naturally, the texts from the Karakhanid, Khwarezmian, Kipchak, and Ottoman periods exhibit linguistic differences. However, the primary focus of this study is not to delineate the characteristics of these periods.

The transcriptions of the primary texts in this study have been presented in Latin script. The study emphasizes that researchers must have a

strong command of the Arabic alphabet, a thorough understanding of the historical periods of Turkic, and at least a basic knowledge of Arabic and Persian. Additionally, they must be able to identify the specific features of the script used in a text and be aware of the challenges involved in adapting these texts to contemporary Turkic dialects. These aspects have been briefly addressed and systematically outlined in different sections of the study.

The earliest known work written in the Arabic script during the Karakhanid period is *Dīwān Lughāt at-Turk*. This was followed by *Kutadgu Bilig* and *Atabetü’l-Hakayık*. The works of Khoja Ahmed Yasawi, who lived during this period, are also attributed to this era; however, linguistic analysis of his surviving texts indicates that they primarily reflect Chagatai Turkish. While only a few works were written during the Karakhanid period, the number of texts increased significantly over the centuries. We know that scientific and artistic works were produced during that time, but many of them have either not survived or have not yet been discovered. The Classical Chagatai period, in particular, saw the production of a significant number of texts.

Another major issue is access to texts, as library policies, the lack of digital archives, and the physical preservation of manuscripts remain problematic. Since not all manuscripts have been digitized, their exact number and subject matter remain unknown. Chagatai Turkish was influenced differently in regions such as Uzbekistan, Kazakhstan, Turkmenistan, and Kyrgyzstan, leading to varying interpretations of its meaning and usage. Moreover, there is ongoing debate about which modern dialect can be considered the direct continuation of Chagatai.

In Kazakhstan, interest in reading, transliterating, and compiling dictionaries of manuscript works has been steadily increasing. Currently, most published dictionaries are based on textual sources, with a particular focus on the transcription of religious texts. However, texts in other fields are also being studied, and their numbers are expected to increase over time. We anticipate that, as research progresses, the quality of reading and transliteration will improve significantly.

Yazar Katkı Oranı (Author Contributions): Kutlugjon SULTANBEK (%40)

Yazar Katkı Oranı (Author Contributions): Kutlugjon SULTANBEK (%30)

Yazar Katkı Oranı (Author Contributions): Kutlugjon SULTANBEK (%30)

Yazarların Etik Sorumlulukları (Ethical Responsibilities of Authors): Bu çalışma bilimsel araştırma ve yayın etiği kurallarına uygun olarak hazırlanmıştır.

Çıkar Çatışması (Conflicts of Interest): Çalışmadan kaynaklı çıkar çatışması bulunmamaktadır.

İntihal Denetimi (Plagiarism Checking): Bu çalışma intihal tarama programı kullanılarak intihal taramasından geçirilmiştir.

UDC 811.34 DBTBL 16.41.35

— Sultanbek-Uğurlu-Bilalova, “Dürrü'l-‘Acāyib” және “Rāzrānāma” Негізінде Араб Графикалы Шығыс Мәтіндерін Оқу Мәселесі